

2024 жылдың
« 05 » « 10 »
№ 477 бұйрығына
№ 1 қосымша

**«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да
өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ-да (бұдан әрі - Университет) өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Қазақстан Республикасының Заңына, «Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және шараларды оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 және «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрықтарына, құрылыс нормалары және қағидаларына (бұдан әрі - ҚНЖЕ), мемлекеттік стандарттарға (бұдан әрі - МЕМСТ), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрықтарымен және өкімдерімен сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

1.2. Университеттің жаңадан жұмысқа қабылданатын барлық қызметкерлері өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқытудан және нұсқамадан өткеннен кейін жұмысқа жіберіледі, ал жұмыс ерекшелігі өзгерген кезде ықтимал өрттердің алдын алу және сөндіру бойынша қосымша оқытудан өтеді. Университет қызметкерлерін және халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту тәртібі және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығымен бекітілген ұйымдар мен халық қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларына және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

1.3. Аталмыш өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Университетте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды нақтылайды.

1.4. Нұсқаулықтың негізгі міндеті қызметкерлердің өрт қауіпсіздігін, Университеттің ғимараттары мен құрылыстарының үй-жайларында (бұдан әрі - Объектілер) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар

2.3. Университетте өрт қауіпіне сәйкес өрт режимі орнатылуы керек:

- 1) ашық отты пайдалану тәртібі мен қауіпсіздік шаралары анықталды;
- 2) өрт сөндіру автомашиналарының объектіге өту тәртібі анықталды;
- 3) үй-жайда бір мезгілде болатын шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен дайын өнімнің орындары мен рұқсат етілген саны анықталды;
- 4) жанғыш қалдықтар мен шаңды жинау, майланған арнайы киімді сақтау тәртібі белгіленеді;
- 5) жұмыс күні аяқталған кезде, өрт жағдайында электр жабдықтарын токтан ажырату тәртібі айқындалады;
- 6) уақытша өрт және басқа да өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу тәртібі регламенттеледі;
- 7) жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жайларды қарау және жабу тәртібі регламенттеледі;
- 8) өрт анықталған кезде жұмыскерлердің іс-әрекеттері регламенттеледі;
- 9) кәсіптердің (лауазымдардың) тізбесі, өртке қарсы нұсқаулықтан және өрт-техникалық минимум бойынша сабақтардан өту тәртібі мен мерзімдері айқындалды, сондай-ақ оларды өткізуге жауаптылар тағайындалды.

2.4. Университеттегі өрт қауіпсіздігі бойынша жалпы басшылық Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорына жүктеледі. Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректоры атқаратын лауазымы бойынша немесе орындалатын жұмыстардың сипаты бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық және өзге де актілерге байланысты өрт қауіпсіздігінің тиісті қағидаларын орындайтын не жұмыстардың белгілі бір учаскелерінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты адамдарды бұйрықпен тағайындайды.

Осы тармақта көрсетілген тұлғалар міндетті:

- 1) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, сондай-ақ өртке қарсы қызмет органдарының нұсқамаларын және өзге де заңды талаптарын орындауға;
- 2) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыруға;
- 3) өртке қарсы насихат жүргізу, өз қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына үйретуге;
- 4) қолданыстағы өртке қарсы қызметтермен қызмет көрсетуге шарттар жасасу жолымен өртке қарсы қызмет бөлімшелерін белгіленген нормалар мен қағидаларға сәйкес құруға және күтіп ұстауға;
- 5) өрт сөндіру жүйелері мен құралдарын жарамды күйде ұстау, оларды мақсатсыз пайдалануға жол бермеуге;
- 6) өрттерді сөндіру, олардың пайда болу және өршу себептері мен жағдайларын анықтау кезінде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуға және өрттердің туындауына кінәлі адамдар анықталған кезде өртке қарсы қызметке жәрдем көрсетуге;
- 7) өрттерді анықтау мен сөндірудің автоматты құралдарын енгізу бойынша шараларды жүзеге асыруға;

8) Университет аумағында қызметтік міндеттерін жүзеге асыру кезінде өртке қарсы қызмет өкілдеріне заңнамада белгіленген тәртіппен қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

9) өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, оның ішінде олар өндіретін өнімнің өрт қауіптілігі, Университет аумағында болған өрттер және олардың зардаптары туралы мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға;

10) өртке қарсы қызметке туындаған өрттер, қолданыстағы өртке қарсы қорғау жүйелері мен құралдарының ақаулары, жолдардың жай-күйінің өзгеруі туралы дереу хабарлауға.

2.5. Өрт-техникалық минимум бойынша оқудан өткен адамдар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, куратор-эдвайзерлер білім алушыларға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі шараларын және өрт туындаған жағдайда іс-қимылдарды зерделеу бойынша сабақтар ұйымдастырады.

2.6. Объектінің кезекші персоналының үй-жайларында телефондарды орналастыру орындарында, эвакуациялау жоспарларында, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтарда ғимарат пен құрылысқа жауапты адамның, кезекші персоналдың, «101» өртке қарсы қызметтің және «112» бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметтің телефон нөмірлері көрсетілген тақтайшалар ілінеді.

3. Үй-жайларға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

3.1. Университет аумағында жанғыш қалдықтардың, қоқыстардың, ыдыстардың және басқа да қалдықтардың үйінділерін орнатуға жол берілмейді. Барлық қалдықтарды арнайы бөлінген жерлерде контейнерлерге жинап, содан кейін шығарылуы керек.

3.2. Университет аумағы ғимараттар, құрылыстар, қойма үй-жайлары арасындағы өртке қарсы алшақтықтар шегінде жанғыш қалдықтардан, қоқыстардан, ыдыстардан, құлаған жапырақтардан, құрғақ шөптен уақтылы тазартылуы тиіс.

3.3. Өрт сөндіру үшін пайдаланылатын ғимаратқа, үй - жайларға және су көздеріне жолдар, өтпелер мен кіреберістер, сондай-ақ дәліздер, сөндіру құралдары мен электр аспаптарына өтетін жолдар бос, ал қыста-қар мен мұздан тазартылуы тиіс.

3.4. От жағуға, қалдықтар мен ыдыстарды жағуға Университет ғимараттары мен құрылыстарынан 50 м-ден жақын емес қашықтықта жол берілмейді.

3.5. Ғимараттар мен құрылыстарда 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 Өрт қауіпсіздігі қағидаларына 2-қосымшада келтірілген эвакуациялау жоспарын жасау жөніндегі нысанға сәйкес эвакуациялау жоспарлары әзірленеді. Эвакуациялау жоспарлары Университет қызметкерлерінің адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өртті сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі іс-қимылдарын қамтуға тиіс. Эвакуациялау жоспарлары ғимараттың әр



қабатында, дәліздің ұзындығы бойынша 20 метрден аспайтын қашықтықта қабаттан эвакуациялық шығу жолдарында ілінеді.

3.6. Университеттің барлық объектілері қолданыстағы нормаларға сәйкес жарамды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, өртке қарсы қызметті шақыру үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

3.7. Эвакуациялық шығулардың саны, олардың мөлшері, жарықтандыру жағдайлары, сондай-ақ ұзындығы құрылыс жобалаудың өртке қарсы нормаларына сәйкес келуі тиіс.

3.8. Эвакуациялық шығу есіктері үй-жайлардан шығу жағына қарай еркін ашылуы тиіс.

3.9. Қызметкерлердің үй-жайдан авариялық жолдары мен шығулары белгіленуі, бос қалуы және ашық ауаға не қауіпсіз аймаққа шығарылуы тиіс.

3.10. Барлық объектілер қолданыстағы нормаларға сәйкес автоматты өрт дабылы және өрт туралы адамдарды хабардар ету жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

3.11. Адамдардың тұруына арналған ғимараттарда, сондай-ақ өрт кезінде электр энергиясы ажыратылған жағдайда адамдар жаппай болатын ғимараттарда (құрылыстарда) кезекші персонал жұмысқа жарамды күйдегі электр шамдарымен қамтамасыз етіледі. Шамдардың санын объектінің ерекшеліктеріне қарай Университет басшысы айқындайды және әрбір кезекшіге кемінде 1 шам беріледі.

3.12. Ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар жобада көзделген жарамды найзағайдан қорғау құрылғыларымен жабдықталады.

3.13. Университет үй-жайларының, ғимараттары мен құрылыстарының өртке қарсы жүйелері мен қондырғыларын (түтіннен қорғау, өрт автоматикасы құралдары, өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелері, өртке қарсы есіктер, клапандар, өртке қарсы қабырғалар мен жабындардағы басқа да қорғау құрылғылары) жарамды жұмыс жағдайында ұстау қажет.

3.14. Автоматты өрт дабылы немесе өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталған ғимараттар мен құрылыстарда лифтілер бұғатталуы тиіс және кабинаның жүктелуіне және қозғалыс бағытына қарамастан, кабинаның және шахтаның есіктерін ашық күйде ашу және ұстап тұруды қамтамасыз ету кезінде өрт кезінде негізгі немесе тағайындалған қону алаңына автоматты түрде қайтарылуы тиіс.

3.15. Ғимараттар мен құрылыстарда есіктерді өздігінен жабуға арналған құрылғыларды жарамды күйде ұстау қажет.

Өртке қарсы есіктердің, түтінге қарсы құрылғылардың (перделердің, экрандардың) еркін жабылуына кедергі келтіретін айлабұйымдарды орнатуға жол берілмейді.

3.16. Өртке әкеп соғуы мүмкін ақаулары бар жабдықта, қондырғыларда және станоктарда, сондай-ақ температураның, қысымның және қауіпсіздік шарттарымен регламенттелген басқа да параметрлердің берілген режимдерін бақылауды қамтамасыз ететін бақылау-өлшеу аспаптары мен технологиялық автоматика ажыратылған кезде жұмыстар жүргізуге жол берілмейді.



3.17. Құрылыс конструкцияларының, жанғыш әрлеу және жылу оқшаулағыш материалдардың, жабдықтың металл тіректерінің отқа төзімді жабындарының (сылақтың, арнайы бояулардың, лактардың, жабындардың, отқа төзімді қасиеттерінің жоғалуы мен нашарлауын қоса алғанда) бұзылуын дереу жою қажет.

3.18. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өңделген (сіндірілген) ағаш конструкциялар мен маталар өңдеу (сіндіру) қолданылу мерзімі өткеннен кейін және құрамдардың отқа төзімді қасиеттері жоғалған жағдайда қайта өңделуі (сіндірілуі) тиіс. Өрттен қорғау өңдеудің (сіндірудің) жай-күйі техникалық құжаттамада көрсетілген мерзімдерде немесе жылына кемінде бір рет тексерілуге тиіс.

3.19. Өртке қарсы қабырғалар, жабындар мен қоршау конструкциялары әртүрлі инженерлік және технологиялық коммуникациялармен қиылысатын жерлерде пайда болған тесіктер мен саңылауларды құрылыс ерітіндісімен немесе отқа төзімділіктің қажетті шегі мен түтіннің газға төзімділігін қамтамасыз ететін басқа да жанбайтын материалдармен жабу қажет.

3.20. Университет объектілерінің функционалдық мақсатын өзгерту, күрделі жөндеу, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау және қайта жоспарлау 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жобалау құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

3.21. Эвакуациялық жолдар мен шығуларды пайдалану кезінде стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттардың (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығулардың жарықтандыру, саны, мөлшері және көлемдік-жоспарлау шешімдері бойынша, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша) жобалық шешімдері мен талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

3.22. Университеттің үй-жайларын жалға алу кезінде жалға алушылар сол ғимарат үшін нормалардың өртке қарсы талаптарын орындайды.

3.23. Ғимараттар мен үй-жайларды қайта жоспарлау, олардың функционалдық мақсатын өзгерту немесе жаңа технологиялық жабдықты орнату кезінде осы ғимараттардың немесе үй-жайлардың жаңа мақсатына сәйкес қолданыстағы нормативтік құжаттар қолданылады.

3.24. Өндірістік және қойма үй-жайлары, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар үшін «Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен (бұдан әрі - ЭҚОҚ) бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидаларының талаптарына сәйкес жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша санаттар, сондай-ақ аймақтардың кластары айқындалады, үй-жайлардың есіктеріндегі белгілермен олардың тиістілігі белгіленеді.

Өрт қауіпі жоғары жабдықтың жанында қауіпсіздік белгілерін орнату қажет.



Зерттелмеген жарылыс-өрт қауіпті көрсеткіштері бар заттар мен материалдарды өндіру процестерінде қолдануға, сондай-ақ оларды басқа заттармен және материалдармен бірлесіп сақтауға жол берілмейді.

3.25. Университет үй-жайларында рұқсат етілмейді:

1) жертөлелерде, жертөле қабаттарында, шатырларда, техникалық қабаттар мен үй-жайларда, желдеткіш камераларда тез тұтанатын сұйықтықтарды (бұдан әрі - ТТС), жанғыш сұйықтықтарды (бұдан әрі - ЖС), жарылғыш заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, жанғыш газдары бар баллондарды, аэрозольді қаптамадағы тауарларды, целлулоидты, жарылғыш өрт қауіпті, жанғыш заттар мен материалдарды жинауға және сақтауға;

2) жобалау құжаттамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жертөлелерді, жертөле қабаттарын шатырларды, техникалық қабаттар мен үй-жайларды, желдеткіш камераларды нысаналы мақсатқа сай емес пайдалану және қолдануға;

3) лифт залдарын мақсатына сай емес пайдалануға;

4) едендік дәліздерден, залдардан, фойелерден, тамбурлардан және баспалдақ торларынан эвакуациялық шығу есіктерін, эвакуация жолдарында өрттің қауіпті факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа да жобада көзделген есіктерді алып тастауға;

5) адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайлары нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт крандарына және басқа да өрт қауіпсіздігі құралдарына қолжетімділік шектелетін немесе автоматты өрттен қорғау жүйелерінің (автоматты өрт дабылы, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғысы, түтін шығару жүйесі, құлақтандыру және эвакуацияны басқару жүйесі) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдеріне өзгерістер енгізуге;

6) есіктерді, балкондар мен лоджиялардағы люктерді, аралас секцияларға өтулерді және сыртқы эвакуациялық баспалдақтарға шығуларды жиһазбен, жабдықтармен және басқа да заттармен үйіп тастауға;

7) үй-жайларды тазалауды және бензин, керосин және басқа да ТТС және ЖС қолдана отырып киімді жууды жүргізу, сондай-ақ мұздатылған құбырларды үрлемелі шамдармен және ашық отты қолдана отырып, басқа да тәсілдермен жылытуды жүргізуге;

8) майланған сүрту материалын жинамай қалдыруға;

9) жертөле терезелерінің жанындағы терезелер мен шұңқырларға (қоймалардың, кассалардың, қару-жарақ бөлмелерінің, құпия бөліктердің үй-жайларын қоспағанда) түпкілікті торларды орнатуға;

10) өрт болған жағдайда қауіпсіздік аймақтарына жататын балкондарды, лоджияларды және галереяларды әйнекпен қаптауға;

11) баспалдақ торлары мен дәліздерде қойма (қосалқы үй-жайлар) ұйымдастыруға, сондай-ақ баспалдақ маршының астында және баспалдақ алаңдарында заттарды, жиһаздарды және басқа да жанғыш материалдарды сақтауға; Бірінші және жертөле қабаттарындағы баспалдақ маршының астында орталық жылытуды басқару тораптарына, су өлшегіш тораптарға және жанбайтын материалдардан жасалған қалқалармен қоршалған электр қалқанына арналған үй-жайларды орнатуға рұқсат етіледі;



12) ғимараттардың өндірістік және қойма үй-жайларында (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа) антресольдарды, қалқаларды, тұрмыстық бөлмелерді, қоймаларды, кеңселерді және жанғыш материалдардан жасалған басқа да кіріктірілген үй-жайларды орналастыруға;

13) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына, сондай-ақ құтқару құрылғыларын бекіту орындарына өтетін жолдарды бітеуге және жабуға.

3.24. Университет ғимараттары мен құрылыстарының шатырларындағы (жабындарындағы) сыртқы өрт баспалдақтары мен қоршаулар жарамды күйде ұсталуы және бес жылда кемінде бір рет пайдалану сынақтарынан өтуі қажет.

3.25. Бір мезгілде 50-ден астам адам болуға арналған үй-жайларда, сондай-ақ бір мезгілде 15-тен астам адам болуға арналған жертөле және жертөле қабаттарындағы үй-жайларда кемінде екі эвакуациялық шығу көзделеді.

Отқа төзімділігі IV және V дәрежелі ғимараттар мен құрылыстарда бір мезгілде 50 және одан да көп адам болуға тек бірінші қабаттағы үй жайларда ғана жол беріледі.

3.26. Көрнекі, асханалық және басқа да залдардағы (үй-жайлардағы) келушілер саны эвакуациялау жолдарының өткізу қабілеттілігін негізге ала отырып, жобалау нормаларында белгіленген немесе есептеумен айқындалған саннан аспау қажет. Жобалау нормаларында есептеу үшін деректер болмаған жағдайда адамдарды залдардан эвакуациялауды қамтамасыз ету уақытын - 2 минут, ал бір келушіге келетін есептік алаңды - $0,75 \text{ м}^2$ ретінде қабылдау қажет.

3.27. Технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуын талап етпейтін шатыр үй-жайларының, техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктері құлыпқа жабылады. Көрсетілген үй-жайлардың есіктеріне кілттердің сақталатын орны туралы ақпарат ілінеді. Шатырлардың, техникалық қабаттардың және жертөлелердің терезелері әйнектеліп, үнемі жабық тұруы керек.

Ғимараттардың (құрылыстардың) жертөле және жертөле қабаттарының терезе ойықтарының жанындағы шұңқырлар қоқыстардан және басқа заттардан тазартылады. Көрсетілген шұңқырларды қорғайтын металл торлар ашылады, ал терезелердегі құлыптар ішкі жағынан кілтсіз ашылады.

3.28. Ғимараттардың (құрылыстардың) жертөле және жертөле қабаттарының терезе ойықтарының жанындағы шұңқырлар қоқыстардан және басқа заттардан тазартылады. Көрсетілген шұңқырларды қорғайтын металл торлар ашылады, ал терезелердегі құлыптар ішкі жағынан кілтсіз ашылады.

3.29. Майлармен, лактармен, бояулармен және басқа да ТТС және ЖС-мен жұмыс істейтін адамдардың арнайы киімдерін осы мақсат үшін арнайы бөлінген орындарда орнатылған металл шкафтарда аспалы түрде сақтау қажет.

3.30. Айына кемінде бір рет үй-жайда орнатылған өрт сөндіргіштер тексерілуге тиіс.



3.31. Өрт қауіпі жоғары жабдықтың жанында стандартты қауіпсіздік белгілері ілінуі керек.

3.32. Бөлмені жаппас бұрын оны толығымен тексеріп, өрттен қауіпсіз күйге көз жеткізіп, бөлмені жабу керек.

4. Электр қондырғыларына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

4.1. Электр қондырғылары ЭҚОҚ-ға, техникалық пайдалану қағидаларына (бұдан әрі - ТПҚ), тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларына (бұдан әрі - ТЭҚТПҚ) және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес монтаждалуы және пайдаланылуы тиіс

4.2. Барлық ток өткізгіш бөліктер, тарату құрылғылары, аппараттар мен өлшеу аспаптары, сондай-ақ жарылғыш түрдегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштар, іске қосу аппараттары мен электр қондырғыларының құрылғылары тек жанбайтын негіздерде орнатылады.

4.3. Сымдар мен кабельдердің өткізгіштерін қосу, ұштау және тармақтау өрт қауіпті өтпелі кедергілерді болдырмау үшін қысу, дәнекерлеу немесе арнайы қысқыштардың көмегімен жүргізіледі.

4.4. Сымдар мен кабельдердің өзектерін жалғау және тармақтау орындары, сондай-ақ жалғау және тармақтау қысқыштары осы сымдар мен кабельдердің тұтас орындарының өзектерін оқшаулауға тең оқшауланады.

4.5. Оқшаулағыш тіректерге төселген сымдарды қоспағанда, сымдар мен кабельдерді жалғау және тармақтау жалғаушы және тармақтаушы қораптарда, жалғаушы және тармақтаушы қысқыштардың оқшаулағыш корпустарында, құрылыс конструкцияларының арнайы тауашаларында, электр орнату бұйымдарының, аппараттар мен машиналардың корпустарының ішінде орындалады. Оқшаулағыш тіректерге төсеу кезінде сымдардың қосылуы немесе тармақталуы тікелей оқшаулағышта, клицада немесе олардың үстінде, сондай-ақ роликте орындалады. Жалғау және тармақтау қораптары қорғаныс қақпақтарымен қамтамасыз етіледі.

4.6. Жұмыс аяқталғаннан кейін жабылатын және кезекші персонал бақыламайтын барлық үй-жайларда (мақсатына қарамастан) барлық электр қондырғылары мен электр аспаптары токтан ажыратылуға тиіс. Автоматты өрт сөндіру қондырғыларын, өрт және күзет сигнализациясын, технологияның талабы бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін электр қондырғыларын кезекші және авариялық жарықтандыруды қоспағанда.

4.7. Электр қозғалтқыштары, шамдар, сымдар, тарату құрылғылары жанғыш шаңнан айына кемінде екі рет, ал шаң айтарлықтай бөлінетін үй - жайларда-айына кемінде төрт рет тазартылады.

4.8. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде рұқсат етілмейді:

1) электр желілерін және электр энергиясын қабылдағыштарды өндіруші нұсқаулығында белгіленген қауіпсіздік талаптарын бұза отырып, өртке әкеп соғуы мүмкін ақаулары бар электр қабылдағыштарды (ұшқын шығару, қысқа тұйықталу, кабель мен сым оқшаулауының шамадан тыс қызуы, автоматиканың істен шығуы) пайдалануға. басқару жүйелері, авариялық және



өртке қарсы қорғаныс), оқшаулауы зақымдалған немесе қорғаныш қасиеттерін жоғалтқан электр сымдары мен кабельдерді басқару;

2) электр энергиясын қабылдағыштарды өндіруші ұсынған конструкциялық және қорғау жүйелерін бұза отырып, оның ішінде зақымдалған және бос электр қондырғыларының бұйымдарын пайдалану;

3) жобада көзделген термостаттар болмаған немесе ақаулы болған кезде электр жылыту құрылғыларын пайдалану;

4) электр үтіктерін, электр плиталарын, электр шәйнектерін және өрт қаупін болдырмайтын арнайы тіректерсіз (электр розеткалары, жылыту дискілері) басқа электр жылыту құралдарын, егер олардың болуы өндіруші нұсқаулығында көзделген болса, пайдалану;

5) стандартты емес (үйде жасалған) электр жылыту құрылғыларын пайдалануға, калибрленбеген сақтандырғыш буындарды, қолдан жасалған шамадан тыс жүктемеден және қысқа тұйықталудан қорғау құралдарын пайдалану;

6) өрт қауіпті және (немесе) жарылыс және өрт қауіпті заттар мен материалдарды электр қалқандарының, электр қозғалтқыштары мен іске қосу жабдығының жанында орналастыру (сақтау);

7) жарылыс және (немесе) өрттен қорғаудың деңгейі мен түрі бойынша дайындаушы белгісі жоқ электр жабдықтарын жарылыс және өрт қауіпті аймақтарда пайдалану;

8) электр шамдары мен шамдарды қағазбен, шүберекпен және басқа да жанғыш материалдармен орау;

9) розеткаға қосылған электр аспаптарын қараусыз қалдыру;

10) қойма үй-жайлары арқылы транзиттік электр сымдары мен кабельдік желілерді тарту.

5. Сақтау объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

5.1. Материалдық құндылықтар ассортиментке сәйкес қатаң сақталуы тиіс, бұл ретте тез тұтанатын сұйықтықтарды қалған материалдармен бірге сақтауға рұқсат етілмейді.

5.2. Қоймаларда (үй-жайларда) заттар мен материалдарды сақтау олардың өрт қауіпті физика-химиялық қасиеттерін (ылғал түскен кезде, ауамен жанасқанда тотығу, өзін-өзі қыздыру және тұтану қабілеті), стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес өрт сөндіргіш заттардың үйлесімділік және біртектілік белгілерін ескере отырып жүргізіледі.

Қолданылатын өрт сөндіргіш заттардың біртектілігіне қарамастан, материалдар мен тауарларды каучукпен немесе авторезинамен бір секцияда бірлесіп сақтауға рұқсат етілмейді.

5.3. Жанғыш газдары бар баллондар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстар, сондай-ақ аэрозольді қаптамалар күн сәулесінен және өзге де жылу әсерінен қорғалады.

5.4. Көп қабатты қоймаларда аэрозольді қаптамаларды жинау тек жоғарғы қабаттағы өртке қарсы бөлімдерде, бөлімдегі қаптамалар саны 150 000 данадан аспаған кезде жүзеге асырылады.

Қойманың оқшауланған бөлігінде қойманың жалпы сыйымдылығы 900 000 қаптамадан аспайтын 150 000 қаптамадан (қораптардан) артық емес сақтау жүзеге асырылады. Қоймалар оңай төгілетін жабындары бар шатырсыз ғимараттарға орналастырылады.

Жалпы қоймаларда саны 5 000 данадан аспайтын аэрозоль қаптамаларын сақтау рұқсат етіледі.

5.5. Ашық алаңдарда немесе шатырлардың астында аэрозольдік қаптамалар тек жанбайтын контейнерлерде сақталады.

5.6. Қойма үй-жайларында стеллажсыз сақтау әдісімен материалдар қатарға жиналады. Қойма үй-жайларының есіктеріне қарама-қарсы ені есіктердің еніне тең, бірақ кемінде 1 метр бос өтетін жер қалдырылады.

Әр 6 метр сайын қоймаларда ені 0,8 метрден кем емес бойлық өтетін жер орнатылады.

5.7. Қойма үй-жайларының ішіндегі ағаш конструкциялар отқа төзімді құраммен өңделеді.

5.8. Транзиттік электр кабельдері, газ және өзге де коммуникациялар өтетін үй-жайларда қоймаларды орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.9. Шамдардан сақталатын тауарларға дейінгі арақашықтық жанғыш құрылыс конструкцияларының бетіне дейін кемінде 0,5 метр және 0,2 метр рұқсат етіледі.

5.10. Тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтауға арналған үй-жайларда тұрмыстық, тамақ ішуге арналған бөлмелерді және басқа да қосалқы қызметтерді орнатуға рұқсат етілмейді.

Тауартанушылардың, сарапшылардың, қоймашылардың жұмыс орындарын қоршау үшін қойма үй-жайларында орнатылатын әйнектелген қалқалар өрт туындаған жағдайда адамдарды немесе тауар-материалдық құндылықтарды эвакуациялауға кедергі келтірмеуге тиіс.

5.11. Қойма үй-жайларында тиеу-түсіруге, көлік құралдарын тұраққа қоюға және жөндеуге рұқсат етілмейді.

Рампаға (платформаға) түсірілген жүктер мен материалдарды жұмыс күнінің соңына қарай алып тастау қажет.

5.12. Қойма ғимараттарында ыдыстарды ашуға, жарамдылығын тексеруге және ұсақ жөндеуге, өнімді өлшеп орауға, өрт қауіпті сұйықтықтардың (нитро бояулар, лактар) жұмыс қоспаларын дайындауға байланысты барлық операциялар оларды сақтау орындарынан оқшауланған үй-жайларда жүргізіледі.

5.13. Автомобильдер, автожүктегіштер мен автокрандар және жүк көтергіш техниканың басқа да түрлері қатарларға және олардың жарамды ұшқын сөндіргіштері болған кезде 3 метрден кем қашықтықтағы шатырларға жіберіледі.

5.14. Қоймалардың электр жабдықтары жұмыс күні аяқталғаннан кейін токтан ажыратылады. Қойманы электрмен жабдықтауды ажыратуға арналған



аппараттар қойма үй-жайының сыртында, жанбайтын материалдардан жасалған қабырғада немесе жеке тұрған тіректе орналасады, пломбалауға арналған құрылғысы бар шкафқа немесе текшеге салынады және құлыппен жабылады.

5.15. Қоймалардың үй-жайларында кезекші жарықтандыруға, сондай-ақ газ плиталарын, электр жылыту аспаптарын пайдалануға және штепсельдік розеткаларды орнатуға жол берілмейді.

5.16. Материалдарды ашық алаңда сақтау кезінде бір секцияның (қатардың) ауданы 300 м^2 артық емес, ал қатарлар арасындағы өртке қарсы алшақтықтар 6 метрден кем емес болады.

5.17. Базалар мен қоймалар аумағында орналасқан ғимараттарда персоналдың және басқа адамдардың тұруына рұқсат етілмейді.

5.18. Қоймаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды белгіленген нормадан асатын мөлшерде сақтауға рұқсат етілмейді.

5.19. Жанғыш материалдарды немесе жанбайтын материалдарды түтін шығаруға арналған шұңқырлары бар терезелері жоқ жертөле және жертөле қабаттарының үй-жайларында, сондай-ақ ғимараттардың жалпы баспалдақ торлары осы қабаттармен байланысқан кезде жанғыш ыдыста сақтауға рұқсат етілмейді.

5.20. Жанғыш газы бар баллондарды сақтауға арналған қоймалар оңай төгілетін жабындары бар бір қабатты болуы және шатырлы үй-жайлары болмауы тиіс. Газ баллондары сақталатын үй-жайлардың терезелері ақ бояумен боялуы немесе күннен қорғайтын жанбайтын құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

5.21. Баллондарды ашық алаңдарда сақтау кезінде шатырлар жанбайтын материалдардан жасалуы тиіс.

5.22. Жанғыш газдары бар баллондар оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және басқа да тотықтырғыштары бар баллондардан, сондай-ақ улы газдары бар баллондардан бөлек сақталуы тиіс.

Баллондарды сақтау орнының айналасында 10 метр қашықтықта жанғыш материалдарды сақтауға және от жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмейді.

5.23. Оттегі бар баллондарды сақтау және тасымалдау кезінде майлардың баллон арматурасының майланған материалдарымен жанасуына рұқсат етілмейді.

Оттегі бар баллондарды қолмен орау кезінде бекіту арматурасын алуға рұқсат етілмейді.

5.24. Табандығы бар жанғыш газдары бар баллондар арнайы ұяларда, торларда және олардың құлауын болдырмайтын басқа да құрылғыларда тік күйде сақталуы тиіс.

Табандығы жоқ баллондар рамаларда немесе сөрелерде көлденең күйде сақталады. Бұл жағдайда қатардың биіктігі 1,5 метрден аспайды, ал клапандар қауіпсіздік қақпақтарымен жабылады және бір жаққа бұрылады.

5.25. Газ қоймаларында қандай да бір басқа заттарды, материалдар мен жабдықтарды сақтауға рұқсат етілмейді.

5.26. Баллондар орналастырылатын шкафтар мен стендтер жанбайтын материалдардан жасалады және оларда жарылыс қаупі бар қоспалардың пайда болуын болдырмайтын табиғи желдетумен қамтамасыз етіледі.

5.27. Газды сығылған, сұйытылған және еріген күйде сақтау құрылғының талаптарына сәйкес келетін баллондарда және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды қауіпсіз пайдалану кезінде жүзеге асырылады. Баллондардың сыртқы беті осы газ үшін белгіленген түске боялады.

5.28. Сақтау кезінде баллондардың бір-біріне соғылмауы немесе қақпақтар мен цилиндрлер еденге құламауы керек.

5.29. Баллондардан газдың ағуы анықталған жағдайда оларды қоймадан қауіпсіз жерге шығару қажет.

5.30. Жанғыш газ баллондары сақталатын қоймаға металл шегелермен немесе тақамен қапталған аяқ киім киген адамдарды кіргізуге болмайды.

5.31. Жанғыш газдары бар қоймалардың үй-жайлары табиғи желдетумен қамтамасыз етіледі.

5.32. Қойманы жаппас бұрын барлық үй-жайларды тексеріп, олардың өрттен қауіпсіз күйіне көз жеткізіп, қойманы жауып, электр желісін сөндіріп, ғимараттың сыртында орнатылған ажыратқышты өшіру керек.

6. Өрт сөндіргіш заттарды қолдану ережелері

6.1. Өндірістік, әкімшілік, қосалқы және қойма ғимараттары, сондай-ақ ашық өндірістік алаңдар немесе учаскелер қолданыстағы нормаларға сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

6.2. Алғашқы өрт сөндіру құралдарына тасымалданатын және жылжымалы өрт сөндіргіштердің барлық түрлері, өрт крандарының жабдықтары (бұдан әрі - ӨК), ұнтақ құрамдары бар жәшіктер (күм, перлит), отқа төзімді маталар (асбест төсемі, кошма, киіз және т.б.), сондай-ақ өрт гидранттары (бұдан әрі - ӨГ) жатады.

6.3. Бастапқы өрт сөндіру құралдары қол жетімсіз жерлерде орналастырылмауы тиіс және персоналды үй-жайлардан эвакуациялау кезінде кедергі болмауы тиіс.

6.4. Өрт сөндіру құралдарын тұрмыстық, өндірістік және басқа да қажеттіліктер үшін пайдалануға тыйым салынады.

6.5. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын орналастыру үшін арнайы қалқандар (бекеттер) орнатылуы тиіс. Бір реттік өрт сөндіргішті тек шағын үй-жайларда орналастыруға рұқсат етіледі.

6.6. Өрт сөндіргіштер мен өрт сөндіру құралдарын орналастыру, сондай-ақ олардың саны жобамен айқындалмайды, бірақ өрт қауіпсіздігінің салалық қағидалары мен алғашқы өрт сөндіру құралдарын есептеу нормалары негізінде белгіленеді.

6.7. Өрт сөндіру шкафтары өрт краны жабдықтарының жиынтығын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіргіш затының заряд массасы кемінде 5 килограмм (бұдан әрі - кг), сондай-ақ адамдарды жеке қорғау және құтқару құралдарын

орналастыру мүмкіндігімен жабдықталған үш нұсқаның (монтаждалған, бекітілген және орнатылған) кез келгенінде орнатылады.

6.8. Өртке қарсы қалқандар өнеркәсіптік (ағаш қалқандар, металл қалқандар) немесе жергілікті өндірісте (габариттік өлшемдері: кемінде 1200x600 мм және МЕМСТ талаптарына сәйкес боялған) болуы мүмкін. Сақталатын өрт сөндіру жабдықтары мен жабдықтарының түрін визуалды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жабық есіктері бар қабырғалық шкафтар түріндегі өрт панельдерін орнатуға рұқсат етіледі. Есіктер мөрленіп, кілтсіз немесе көп күш жұмсамай ашылуы керек.

6.9. Өрт сөндіру құралдары мен құрал-жабдық қалқандарға бекіту оларды арнайы айлабұйымдарсыз немесе құрал-саймандарсыз тез алып тастауды қамтамасыз етуі тиіс.

6.10. Өртке қарсы қалқандардың саны тек жергілікті жағдайлардың ерекшеліктерімен, сондай-ақ пайдаланудың қарапайымдылығымен және оларды күтіп ұстауды қадағалаумен анықталады.

6.11. Өрт сөндіргіштер жану ошақтарын олардың бастапқы сатысында сөндіруге, сондай-ақ шағын құрылыстарды, машиналар мен механизмдерді өрттен қорғауға арналған. Өрт сөндіргіштер қол және жылжымалы болады. Қол өрт сөндіргіштерге олардың барлық түрлері кіреді, олардың корпусының көлемі 10 литр зарядқа дейін жетеді. Зарядтың үлкен көлемі бар өрт сөндіргіштер жылжымалы болып табылады, олардың корпустары арнайы арбаларға орнатылады.

6.12. Өрт сөндіргіштер қолданылатын өрт сөндіргіштің дизайны мен түріне қарай ерекшеленеді:

- 1) су;
- 2) көбік (химиялық, химиялық ауа көбік);
- 3) газ (көмірқышқыл газы, фреон, бром);
- 4) ұнтақ.

Газды және ұнтақты өрт сөндіргіштерді әртүрлі заттардың, материалдардың, сондай-ақ электр қондырғыларының, кабельдердің және кернеудегі сымдардың (көмірқышқыл газы 10 кВ дейін, ұнтақ 1 кВ дейін) өртін сөндіру үшін пайдалануға болады. Тұтқалы (рычагты) сөндіргіш құрылғысы бар көмірқышқыл газды өрт сөндіргіштерді жылына кемінде бір рет, ал клапан құлпы бар өрт сөндіргіштерді тоқсанына бір рет өлшеу арқылы тексерілуі керек (алынған массадан өрт сөндіргіш паспортында көрсетілген өшіру құрылғысы бар бос цилиндрдің массасы алынады). Цилиндрден зарядтың азаюы жылына бастапқы мөлшердің 5% - нан аспауы керек.

6.13. Газ және ұнтақты өрт сөндіргіштерді сынау және куәландыру дайындаушы зауыттардың паспорттарына және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату мен пайдалану қауіпсіздігінің қолданыстағы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

6.14. Қысымды төмендету үшін қысымдалып тұрған өрт сөндіргішті бөлшектеуге тыйым салынады.

6.15. Өрт сөндіргіштерді температурасы +500С-тан асатын жылыту аспаптарының жанында, сондай-ақ күн сәулесі тікелей түсетін жерлерде орналастыруға рұқсат етілмейді.

6.16. Өрт сөндіргіштер мөрленіп, ақауы жоқ кеңауызы болуы тиіс.

6.17. Университет аумағы өрт сөндіру крандарын, сыртқы өрт сатыларын және өрт техникасын орналастыру орындарын, сондай-ақ өрт су қоймаларына жақындау орындарын жылдам табу үшін қараңғыда сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

6.18. Тұрақты сыртқы су құбыры желісін төсеу және өрт гидранттарын орнату, сондай-ақ өрт су айдындары мен басқа да су көздерін салу негізгі құрылыс жұмыстарының басталуына қарай оларды өртті сөндіру үшін пайдалануға болатындай есеппен жүргізеді.

6.19. Өрт гидранттары жарамды күйде ұсталады, ал қыста қар мен мұздан оқшауланады және тазартылады.

6.20. Егер су құбыры желісінің учаскелері ажыратылған, гидранттар дұрыс жұмыс істемесе немесе желідегі қысым қажетті деңгейден төмендесе, су шаруашылығы диспетчері (елді мекендердің су құбыры желілері бойынша) немесе өртке қарсы сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін тұлға (ұйымның су құбыры желілері бойынша) бұл туралы өртке қарсы қызметке хабарлайды.

6.21. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінің (соның ішінде өрт крандары, өрт резервуарлары), өрт сөндіру машиналарын орнатуға арналған тіректердің, ғимараттар мен құрылыстардың өртке қарсы құрғақ құбырларына өрт сөндіру машиналары қосылатын орындардың, сондай-ақ қозғалыс бағытының олардың орналасқан жері стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді.

6.22. Жерасты өрт гидранты орналасқан жерде «ПГ» әріптік индексі және белгіден гидрантқа дейінгі метрдегі қашықтықтың сандық мәндері жазылған жарық немесе флуоресцентті көрсеткіш орнатылады.

Өрт сөндіру су айдынында «ӨА» әріптік индексі, текше метрдегі су қорының цифрлық мәндері және бір мезгілде су айдынының алаңында орнатылатын өрт сөндіру автомобильдерінің саны жазылған ұқсас көрсеткіш белгіленеді.

6.23. Ішкі өртке қарсы су құбыры жүйесінің өрт крандары клапаны бар бұру үй-жайдың еденінен $1,35 \pm 0,15$ м биіктікте болатындай етіп орнатылады, жеңдермен, оқпандармен жинақталады және пломбаланатын өрт шкафтарына салынады. Жұптастырылған өрт крандарын бірінің үстіне бірін орнатуға рұқсат етіледі, бұл ретте екінші кран еденнен кемінде 1 м биіктікте орнатылады.

Шкафтың есігінде «ӨК» әріптік индексі және реттік нөмірі көрсетіледі.

Өрт сөндіру жеңдері құрғақ, жақсы оралған немесе бүктелген және клапандар мен магистральдарға бекітілген күйде сақталады.

6.24. Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жабдығы (өрт гидранттары, өрт крандары, су және көбікті өрт сөндірудің, сондай-ақ сумен суарудың құрғақ құбырлы жүйелері) пайдалануға қабылдағанға дейін және



жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) техникалық тексеруден өтеді, суды іске қосу (су беру) арқылы жұмысқа қабілеттілігі тексеріледі.

7. Көмекші жабдықтар мен өрт сөндіру құралдары

7.1. Құм үнемі құрғақ, борпылдақ болуы керек және сыйымдылығы 0,5 м³ болатын металл қораптарда сақталуы керек. Жылына бір рет араластырып, тастарды алып тастау керек.

7.2. Асбест төсемі, киіз, кошма жеке учаскелерді, жабдықтарды өрттен қорғау немесе төтенше жағдай кезінде ұшқындар мен жану ошақтарынан оқшаулау үшін қолдану қажет жерлерде ғана орналастырылуы керек.

7.3. Конструкцияларды ашуға немесе жанып жатқан материалдарды сүйреуге арналған өрт балталары, шелектер және басқа да құрал-жабдық өрт қалқандарына ілінеді.

7.4. Өртке қарсы құралдың жарамдылығы сыртқы тексерумен анықталады. Құрал сызаттарсыз, сынықтарсыз және майыстарсыз таза болуы керек, құралдың жұмыс бөліктері қайралып тұруы керек.

8. Өрт кезіндегі іс-қимыл тәртібі

8.1. Өрт немесе жану белгілері (түтін, күйік иісі, температураның жоғарлауы және т.б.) анықталған кезде:

1) бұл туралы «101» телефоны бойынша өртке қарсы қызметке немесе «112» телефоны бойынша бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке дереу хабарлау (объектінің мекенжайын, өрт шыққан жерін атау, сондай-ақ өзінің тегін хабарлау);

2) мүмкіндігінше адамдарды эвакуациялау, өртті сөндіру және материалдық құндылықтардың сақталуы жөнінде шаралар қабылдауы керек.

8.2. Өрт болған жерге келген қызметкерлер:

1) өрттің туындағаны туралы хабарламаны өртке қарсы қызметке қайталауға және жоғары тұрған басшылыққа, диспетчерге, объект бойынша жауапты кезекшіге хабарлауға;

2) адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды құтқаруды дереу ұйымдастыруға;

3) өрттен қорғаудың автоматты жүйелерінің жұмысқа қосылуын тексеруге;

